

Бюджеттік инвестициялық жобаның және республикалық немесе жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыруды қажет ететін концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 2 наурыздағы N 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 18 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5593 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2010 жылғы 6 тамыздағы № 136 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2010.08.06 № 136 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабының 2-тармағына және 155-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптар;
- 2) Республикалық немесе жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды қажет ететін концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Инвестициялық саясат және жоспарлау департаменті (Б.Қ. Тортаев) және Заң департаменті (Д.А. Ешімова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі М.Ә. Құсайыновқа жүктелсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушысының "Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағдарламаның) экономикалық сараптамасының қорытындысына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 142 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 5 қарашада N 3186 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі міндетін атқарушысының "Бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 144 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 5 қарашада N 3184 тіркелген).

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң
міндетін атқарушы *М. Құсайынов*

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің м.а.
2009 жылғы 2 наурыздағы

N 30 бұйрығымен бекітілген

Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптар 1. Жалпы ережелер

1. Осы бюджеттік инвестициялық жобалардың (бұдан әрі - жоба) техникалық-экономикалық негіздемелерін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуге және сараптауға қойылатын Талаптар Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық экономикалық негіздеме (бұдан әрі - ТЭН) мен ТЭН сараптама қорытындысының жалпы құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабының 7-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың, сондай-ақ республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері мен кредит есебінен қаржыландыруға жоспарланып отырған жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 154-бабының 8-тармағына сәйкес жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

4. Экономикалық сараптама – жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінде келтірілген, жобаның жүзеге асырылуы мен тиімділігін анықтауға

мүмкіндік беретін экономикалық талдаудың кешендік бағалау нәтижесі.

5. Жобаны экономикалық сараптаудың нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды болып табылады.

Экономикалық сараптаудың оң қорытындысы құрылымы мен мазмұны осы талаптарға жауап беретін және белгіленген техникалық-экономикалық өлшемдерді растайтын, сондай-ақ жобаны іске асырудың жүзеге асырылымдығы және тиімділігінің алғышарттары бар жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне ұсынылады.

Экономикалық сараптаудың теріс қорытындысы оны экономикалық талдауды бағалау нәтижесі жобаны іске асырудың жүзеге аспайтындығын және/немесе тиімсіздігін көрсететін жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне беріледі.

Жобаның ТЭН құрылымы және/немесе мазмұны осы талаптарға сәйкес болмаған жағдайда қайта түзетуге жолданады.

2. Жобалардың ТЭН әзірлеуге қойылатын талаптар

6. Осы Талаптар жобалардың ТЭН-ін әзірлеген кезде пайдалану үшін міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеген кезде пайдалануға ұсынылады.

7. Оңтайлы жобалық шешімдерді, оның ішінде инвестициялық жобаның неғұрлым оңтайлы құрылымы мен ауқымын, жобаны іске асыру шеңберінде көзделетін неғұрлым орынды маркетингтік, техникалық-технологиялық, қаржылық, институционалдық, экологиялық, әлеуметтік және басқа шешімдер жөніндегі ұсынысты тұжырымдау ТЭН-ді әзірлеудің мақсаты болып табылады.

8. Жобалардың ТЭН-не сәулет, қала құрылысы және құрылыс шешімдері бөлігінде қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалады.

9. Жобалардың ерекшелігіне қарай, қосымша бөлімдер қосуға жол беріледі.

10. Қазақстан Республикасында іске асыруда ұқсасы жоқ жобалар бойынша халықаралық тәжірибені ескеретін деректер қолданылады.

11. Жобаның ТЭН-нің мазмұны мынадай құрылымға сай болуы тиіс:

ж о б а т ү й і н і ;
к і р і с п е ;
м а р к е т и н г т і к б ө л і м ;
т е х н и к а л ы қ - т е х н о л о г и я л ы қ б ө л і м ;
э к о л о г и я л ы қ б ө л і м ;

институционалдык бөлім;

қаржылық бөлім;

экономикалық бөлім;

әлеуметтік бөлім;

жоба (бағдарлама) бойынша жалпы қорытынды;
қ о с ы м ш а л а р .

12. Жоба түйіні мынадай тармақтарды қамтуға тиіс:
ж о б а а т а у ы ;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (жобаның өтінім берушісі) атауы;

жобаның жалпы құны (теңгемен және валютамен);

жоба ауқымы, соның ішінде жоба қуаты;

әрбір құрамдауыштың құны көрсетілген жоба құрамдауыштары;

жоба іске асырылатын жер (облыс, қала);

жобаның, соның ішінде сандық көріністегі мақсаты мен міндеттері;

мақсатты топтар, соның ішінде негізгі пайда алушылар;

қаржыландырудың болжамды көздері мен схемасы;

қаржыландыру жылдары бойынша бөлінген жобаны іске асыру кезеңі

ТЭН әзірлеу және сараптаудың қаржыландыру көзі мен сомасы (ББӘ

бағдарламасының атауын көрсете отырып).

13. "Кіріспе" деген бөлімде қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, құқықтық және жобаны іске асыру көзделіп отырған басқа да жағдайлар сипатталады, оның ішінде халықтың тұрмыс деңгейінің қазіргі және болжамды (жобаның инвестициялық және инвестициялықтан кейінгі кезеңдерді қамтитын әрекет ету циклы кезеңіне арналған) көрсеткіштері, инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі, инвестициялық ахуал және жобаның болжамды орнын және әсер ету саласын сипаттайтын басқа да әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер көрсетіледі.

Осы бөлімде проблема айқындалады, сондай-ақ бұл проблеманы шешудің (жоба мақсатына қол жеткізудің) барлық ықтимал нұсқалары көрсетіледі, бұл нұсқалар бойынша жоба ТЭН-нің кейінгі әрбір бөлімінде салыстырмалы талдау жүргізіледі.

14. Маркетингтік бөлім жобада ұсынылатын өнімге (қызметтерге) (жобаның әрекет ету кезеңіне арналған) қазіргі және келешектегі сұраныстың бағалануын көрсетеді.

Б ұ л б ө л і м :

сұранысты (оның тенденцияларын) талдау өзіне жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін (ұсынылатын) өнімдердің (қызметтердің) көлемдерін, түрлерін және бағаларды қамтиды;

саладағы (өңірдегі) ахуалды ескере отырып өндірілетін (ұсынылатын)

өнімдердің (қызметтердің) көлемдерін, түрлерін және бағаларды талдау;
сұраныстың сандық көрсеткіштерінің талдануы мен негіздемесін, оның
үрдістерін және өнімнің (қызметтердің) бағаларын немесе әлеуметтік
қызметтерге қажеттілікті бағалауды білдіретін сұранысты немесе жобаның
әлеуметтік-экономикалық пайдаларын талдауды;

жобаның елдің экспорттық әлеуетінің өсуіне әсерінің бағасын;
жобаның жұмыс істеуімен байланысты шикізат, материалдар рыногын және
өндірістің басқа да факторларын талдауды;

өндірушілер мен жеткізушілерді, олардың бағаларын, жеткізу сапасы мен
шарттарын, сондай-ақ жоба қажеттіктерін қанағаттандыру мүмкіншілігін
салыстырмалы талдауды көздейтін, жобаны іске асыру шеңберінде сатып
алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің нарықтары мен бағаларын
т а л д а у д ы ;

осы салада жұмыс істеп тұрған объектілердің жұмысын, соның ішінде
бәсекелестерді т а л д а у д ы ;

өнімді (қызметтерді) өткізуге жәрдемдесу жөнінде ұсынылатын іс-шараларды
;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен
ауқымын айқындайтын коммерциялық тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді
азайту жөнінде ұсынылатын іс-шараларды;

пайдаланылатын ақпарат көздерін және маркетингтік зерттеулер жүргізу
әдістемесін қ а м т у ғ а т и і с .

15. Техникалық-технологиялық бөлім жобаның құрылымын, жоба бойынша
жобаның өлшемдерін, құрамдаушыларын, сондай-ақ оның құнын айқындайтын
техникалық шешімдерді сипаттаумен бірге жобаны іске асырудың әртүрлі
технологиялық шешімдерін көрсетеді.

О с ы б ө л і м :

жобаны іске асырудың әртүрлі технологиялық шешімдерін, олардың
басымдықтары мен кемшіліктерін талдау, таңдалған нұсқаны негіздемесін
т а л д а у д ы ;

жобаны орналасу орнын, шикізат көздері мен жеткізушілеріне, өнім мен
қызметтерді тұтынушыларға қатысты орналасуды, инженерлік-көліктік
инфрақұрылым (теміржол магистралдарына, автомобиль жолдарына, құбыр
желілеріне, энергетика көздеріне және т.б.) мен байланысқа жақын болуын
негіздейтін жобаның орналасатын жері, сондай-ақ жобаның орналасуының
б а л а м а л ы н ұ с қ а л а р ы н ;

жоба қуаттылығының есептік негіздемесін, жоба қуаттылығын игеру серпінін
айқындайтын жобаның ауқымын, жобаның өңірлердің инфрақұрылымына және
жиынтық (аралас) салалардың дамуына әсерін бағалауды;

жобалық жабдықты таңдауды негіздеу, қазіргі пайдаланудағы жабдықпен технологиялық үйлесімділігі (егер ол жобаны іске асыру аясында көзделсе), "баға-сапа" арақатынасының оңтайлылығы, негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы, жабдықтарды таңдау бойынша балама нұсқалар, инновациялық жабдықтарды қолдану, ноу-хауды пайдалану, жобаға қойылатын технологиялық және техникалық талаптарды белгілейтін жобаның сапа стандартын пайдалануды ;

инженерлік құрылыстар жобаларын, яғни қолда бар көлік кіреберіс жолдары мен құралдарын, электр-, жылу-, сумен жабдықтау және канализацияны, сондай-ақ қойма орындарымен қамтамасыз етілуін ескере отырып жобаның қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

қаржыландыру көздері мен көлемдерін ескеріп (республикалық/жергілікті бюджет, заемдық қаражаттар), ұзақтығын кескіндеп көрсете отырып, іске асырылу жылдары және технологиялық кезеңдері бойынша жобаның концессия объектісін құру/жетілдіру кезеңін көрсететін жобаны іске асыру кестесі (ж о с п а р - к е с т е) .

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын айқындайтын техникалық тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдерді азайту жөнінде ұсынылатын іс-шараларды қамтуы тиіс.

Жобалау және техникалық шешімдерді таңдаған кезде экологиялық қолайсыз әсері барынша аз, сондай-ақ жобаны іске асырудан әлеуметтік-экономикалық тиімділігі көп шешімдер таңдалады.

16. Экологиялық бөлім жобаның экологиялық аспектілерін көрсетеді.

Б ұ л б ө л і м :

жобаның қоршаған орта жай-күйіне әсерін бағалауды, жобаны іске асырудан тиетін экологиялық залалды сандық бағалауды және оның зиянды әсерін азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды;

өңір саясаты тұтастай елдің экологиялық жағдайын жақсарту үшін жобада ұсынылған іс-шаралар және олардың сандық нәтижелері;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөнінде ұсынылатын іс-шараларды көрсететін экологиялық тәуекелдерді бағалауды қамтуға тиіс.

Жобалық және техникалық шешімдер таңдалған кезде экологиялық нормативтерге сәйкес немесе қолданыстағы нормативтерден асатын шешімдер ғ а н а т а ң д а л а д ы .

17. Институционалдық бөлім құқықтық негіз, басқару құрылымы және қаржы шығындарын бағалау сипатталған, жобаның әрекет ету кезеңінде оны басқарудың схемасын қамтуға тиіс. Жобада жаңа институционалдық схема жасалған жағдайда баламалы нұсқаларды келтіре отырып, бұл схеманы

жасаудың егжей-тегжейлі негіздемесін көрсету қажет.

Бұл бөлімде іске асыру барысында да, инвестициялықтан кейінгі кезеңде де жобаға қатысушылардың барлығы туралы ақпарат (толық заңды атауы, шыққан елі, ұйымдық-құқықтық нысаны, жарғылық капиталы, құрылтайшылары мен олардың қатысу үлестері, құрылған жылы, қызметінің негізгі түрлері, осы саладағы жобаларды іске асыру тәжірибесі), олардың өзара іс-қимылы, шығындар мен түсімдердің, жауапкершіліктің бөлінуі, сондай-ақ институционалдық тәуекелдер (тәуекелдің негізгі факторлары, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымы, тәуекелдерді азайту жөнінде ұсынылатын іс-шаралар) көрсетіледі.

18. Қаржылық бөлім жобаны қаржыландырудың баламалы схемалары мен көздерін, қаржы шығындары мен кірістерді, жобаны іске асыру барысына инфляцияның әсерін бағалауды, сонымен қатар қаржылық тиімділігін, жобаны іске асырудың қаржылық моделін бағалауды қамтиды.

Бұл бөлім мыналарды:

жалпы инвестициялық шығындарды, қаржыландыруға қажеттіліктің жоба кезеңдері бойынша бөлінуін;

жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру көлемі (болған жағдайда);

өндірістік шығындардың (пайдалану шығындары) есебін;

мыналарды қамтитын жобаны қаржылық талдау:

өнімнің, тарифтің, өнімді (қызметті) өткізу бағасының өзіндік құнының есебін;

сатудан түсетін кірістердің есебін, бөлінбеген және таза пайданың есебін;

ақша қаражаты ағынының жиынтық есебін;

қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерінің көмегімен жобаны талдауды, соның ішінде өзін-өзі ақтау мерзімінің, қарапайым пайда нормасының, берешекті өтеу коэффициентінің есебін;

дисконттау әдістерінің көмегімен жобаны талдауды - дисконтталған таза кірістің (NPV), ішкі пайда нормасының (IRR), дисконтталатын түсімдер мен шығындар қатынасының (B/C), дисконтталған өтелу мерзімінің есебін;

белгісіздік жағдайларындағы, соның ішінде негізгі өлшемдер (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығындар) бойынша сезімталдықты, жобаның шығынсыздығын талдауды;

жобаның өтімділігін талдауды қамтитын қаржылық талдауды (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеген кезде жүзеге асырылады).

бюджет қаражатын алушылар болып табылатын жобаға қатысушылардың ағымдағы қаржылық жай-күйін;

қаржыландыру схемасын, көздерін (республикалық/жергілікті бюджет, заемдық қаражаттар), шарттарын және олардың баламалы нұсқаларын талдауды; тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөнінде ұсынылатын іс-шараларды айқындайтын қаржылық тәуекелдерді бағалауды қамтуға тиіс.

19. Экономикалық бөлім жобаның тұтастай республика (өңір) экономикасы тұрғысынан талдануын көрсетеді.

Б ұ л б ө л і м :

жобамен бірге және жобасыз экономикалық жағдайды талдауды; экономикалық түсімдер мен шығындарды бағалауды, соның ішінде нәтижелерді, салдарлар мен әсерлерді, шығындардың тиімділігін және өлшенбейтін түсімдерді, өсірілген түсімдер мен шығындарды, тұтынушының қосымша түсімдерін, жобаның қайтымсыз шығасыларын, сыртқы тиімділігін, халықаралық тиімділігін, жанама түсімдерін талдауды; ең аз шығындарды талдауды;

жобаның экономикалық тиімділігі көрсеткіштерінің, оның ішінде экономикалық дисконтталған таза кірістің (ENPV) және экономикалық ішкі пайда нормасының (EIRR) есебін қамтуға тиіс;

жобаның бюджеттік тиімділігін есептеуді (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеген кезде жүзеге асырылады).

20. Әлеуметтік бөлім жобаның (бағдарламаның) экономикалық аспектілерін және бенефициарлар бойынша жобаны (бағдарламаны) іске асырудан түсетін түсімдерді көрсетеді.

Б ұ л б ө л і м :

жобаның халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаттамалары тұрғысынан негізделуін;

жобаның еңбек ресурстарын қажет етуін және оның халықтың жұмыспен қамтылуына әсер етуін;

қажетті біліктілігі бар еңбек ресурстарымен нақты қамтамасыз етілуін; жұмысшылар мен мамандарды оқыту және қайта даярлау бағдарламасын; еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын;

халықтың тұрмыс деңгейі көрсеткіштерінің есебін (демографиялық көрсеткіштер, халықтың кірісі, жұмыспен қамтылу деңгейі, білім деңгейін арттыруға әсері және т.б.);

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөнінде ұсынылатын іс-шараларды қамтитын әлеуметтік тәуекелдерді бағалауды қамтуға тиіс.

21. "Жалпы қорытындылар" бөлімінде жобаның негізгі жетістіктері мен кемшіліктері, жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасын таңдау жөніндегі қорытындылар мен логиканың сипаты, жоба бойынша негізгі тәуекелдер, басқа да қорытындылар көрсетіледі.

22. Жобаның ТЭН-не қосымшалар: жобаны іске асырудың қарастырылып отырған әрбір нұсқасы бойынша қаржы-экономикалық модельдерді, шығыстар, серпіндер кестесін, өтелу кестесін, диаграммаларды, суреттерді, орналасатын жер картасын және жобаның ТЭН-де көрсетілген ақпаратты растайтын және ашатын басқа да материалдар мен құжаттарды қамтуға тиіс.

23. Жер учаскелерін пайдалануды көздейтін жобалар бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның жер учаскелерін беру туралы шешімдері ұсынылуы қажет.

24. Жаңадан құруды немесе қайта құруды көздейтін жобалар бойынша жылжымайтын мүлікке арналған құқықты бекітетін құжаттар көшірмесі ұсынылуы тиіс.

3. Бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН сараптамасына қойылатын талаптар

25. Осы Талаптар оның ТЭН әзірлеу аясында жүргізілген бюджеттік инвестициялық жобаны экономикалық талдауды кешенді бағалаудың міндетті нысаны болып табылады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың экономикалық сараптама жүргізу кезінде пайдалануға ұсынылады.

26. ТЭН экономикалық сараптама жүргізуге ұсынылған ТЭН жобасының және жобалардың ерекшелігіне байланысты талап ететін оң сараптамалар қорытындылары, атап айтқанда:

- 1) мемлекеттік ведомстволық емес құрылыс сараптамасының;
- 2) салалық орган сараптамасының;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның экологиялық сараптамасының;
- 4) банктік сараптаманың;
- 5) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың;
- 6) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті орган сараптамасының негізінде жүргізіледі.

27. Құрылыс қызметін болжайтын жобалар бойынша мемлекеттік ведомстволық емес құрылыс сараптамасының, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама қорытындысы, жер учаскелерін таңдау

актісі, техникалық шарттар талап етіледі.

Ақпараттандыру саласындағы жобалар бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның қорытындысы қажет.

Инновациялық және/немесе ғарыштық қызметті болжайтын жобалар бойынша мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар бойынша банктік сараптама қорытындысы қажет.

Жоба ерекшелігіне тәуелді қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет болып табылатын басқа да сараптамалар енгізіледі.

28. Экономикалық сараптауды жүргізген кезде сарапшы жобаны экономикалық сараптау қорытындысының үлгі құрылымын басшылыққа алады.

29. Бюджеттік инвестициялық жобаны экономикалық сараптау қорытындысының үлгі құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

- инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасы;
- жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау;
- жобаның бюджеттік инвестициялау басымдықтарына сәйкестігін бағалау;
- жобаны маркетингтік талдауды бағалау;
- техникалық-технологиялық шешімдерді бағалау;
- жобаны экологиялық бағалау;
- жобаны институционалды бағалау;
- жобаны қаржылық бағалау;
- жобаны экономикалық бағалау;
- жобаны әлеуметтік бағалау;
- қорытындылар мен ұсынымдар.

30. Инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасы:

ж о б а н ы ң а т а у ы н ;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы (жобаға өтінім берушінің)
ж о б а н ы ң м а қ с а т ы н ;

ж о б а н ы і с к е а с ы р у м е р з і м і н ;

жобаның ауқымын, соның ішінде жобаның қуатын;

ж о б а н ы ң ж а л п ы қ ұ н ы н ;

жобаны қаржыландыру көздері мен нысанын қамтуға тиіс.

31. "Жоба жөніндегі құжаттама құрамын бағалау" бөлімі:

экономикалық сараптама жүргізген кезде назарға алынған құжаттар мен
м а т е р и а л д а р д ы ;

ұсынылған құжаттардың құрамына байланысты ескертулерді қамтуға тиіс.

32. Жобаның Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен айқындалған бюджеттік инвестициялар басымдықтарына

33. "Жобаны маркетингтік талдауды бағалау" бөлімі:
сұранысты (оның үрдістерін), жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін өнімдер (қызметтер) көлемдері мен бағаларын көрсете отырып, бәсекелестердің бағаларын немесе жобаның әлуеметтік-экономикалық қажеттігін бағалауды;
шикізат, материалдар рыноктарын және жобаның жұмыс істеуімен байланысты өндірістің басқа факторларын талдауды бағалауды;
жобаны іске асыру шеңберінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бағаларын талдауды бағалауды;
тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын коммерциялық тәуекелдерді бағалауды;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

34. "Техникалық-технологиялық шешімдерді бағалау" бөлімі:
шикізат көздері мен жеткізушілеріне, өнім мен қызметтерді тұтынушыларға, инженерлік-көліктік инфрақұрылымға (теміржол магистралдарына, автокөлік жолдарына, құбыр желілеріне, энергия көздеріне және т.б.) мен байланысқа жақындығына және географиялық ерекшелігі мен баламалы нұсқаларына қатысты бағалауды көрсете отырып, орналасатын жерді таңдауды бағалауды;
жобалық қуатының, жобалық қуаттарды игеру серпінінің есептік негіздемесін қамтитын жобаның ауқымын бағалауды;
жобаны іске асыру схемасын және оның баламалы нұсқаларын бағалауды;
әлемдік стандарттарға сәйкестігін, қолданылып жүрген жабдықпен технологиялық сәйкестігін айқындайтын жабдықты таңдауды және ұсынылған баламалы нұсқаларын бағалауды;
жобаның іске асыру кестесін (технологиялық кезеңдерін) бағалауды;
тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды қамтитын техникалық-технологиялық тәуекелдерді бағалауды;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

35. "Жобаны экологиялық бағалау" бөлімі:
экологиялық нұқсанды бағалауды, зиянды әсерін азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды қамтитын жобаның қоршаған ортаның жай-күйіне әсерін бағалауды;
тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды қамтитын экологиялық тәуекелдерді бағалауды;
бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

36. "Жобаны институционалдық бағалау" бөлімі:

жобаны басқару схемасын, функцияларды, шығындар мен пайданы, жауапкершілікті жобаға қатысушылар арасында бөлуді қамтитын жобаны іске асырудың институционалдық схемасын бағалауды;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын институционалдық тәуекелдерді бағалауды;

бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

37. "Жобаны қаржылық бағалау" бөлімі:

жалпы инвестициялық шығасылардың есептелуін бағалауды;

пайдалану шығасыларының есептелуін бағалауды;

қаржыландыру схемасын, оның ішінде жоба кезеңдері бойынша бағалауды, сондай-ақ қаржыландыру шарттарын, көздерді, қаржы қаражатын қажет етуді бағалауды;

өнімнің өзіндік құнының есептелуін бағалауды;

ақша қаражаты ағынының жиынтық есебін, жобаны қаржылық бағалаудың қарапайым әдістерінің көмегімен талдауды, өтелу мерзімін, қарапайым пайда нормасын, берешекті жабу коэффициентін есептеуді, дисконттау әдістерінің көмегімен талдауды, жобаның таза ағымдағы құнын, ішкі өтелу нормасын есептеуді, жобаны дисконттау әдістерінің көмегімен талдауды - дисконтталған таза кірісті (NPV), табыстылықтың ішкі нормасын (IRR), дисконтталатын пайда мен шығындардың қатынасын (B/C), дисконтталған өтелу мерзімін есептеуді қамтитын қаржылық тиімділік көрсеткіштерінің есептелуін бағалауды;

жобаның сезімталдығын және зиянсыздығын талдауды қамтитын белгісіздік жағдайларындағы талдауды бағалауды;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын қаржылық тәуекелдерді бағалауды;

бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

38. "Жобаны экономикалық бағалау" бөлімі:

экономикалық ахуалды жобамен және жобасыз талдауды бағалауды;

нәтижелерді, салдарлар мен әсерлерді талдауды, шығындардың тиімділігін талдауды және өлшенбейтін түсімдерді, өсірілген түсімдер мен шығындарды, тұтынушының қосымша түсімдерін, жобаның сыртқы әсерін, халықаралық әсерін қамтитын экономикалық түсімдер мен шығындарды бағалауды;

ең аз шығындарды талдауды бағалауды (баламалы нұсқалар);

экономикалық тиімділік көрсеткіштерінің, оның ішінде экономикалық дисконтталған таза кірістің (ENPV) және экономикалық ішкі пайда нормасының (EIRR) есебін;

жобаның бюджеттік тиімділігін бағалау (Қазақстан Республикасының

мемлекеттік кепілдігі берілетін мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаларға экономикалық сараптама жүргізу кезінде жүзеге асырылады).

бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

39. "Жобаны әлеуметтік бағалау" бөлімі:

қажетті біліктілігі бар еңбек ресурстарымен нақты қамтамасыз етілуін талдауды және жұмысшылар мен мамандарды оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыру қажеттігін қоса алғанда, еңбек ресурстарының қажеттілігін айқындауды;

жобаны іске асырудың әлеуметтік маңызы, оның ішінде демографиялық көрсеткіштерді, халықтың кірістерін, жұмыспен қамтылу деңгейін, білім деңгейінің жоғарылауына әсерін және т.б. бағалауды;

тәуекелдің негізгі факторларын, өзгерістердің болжамды сипаты мен ауқымын, тәуекелдерді азайту жөніндегі болжамды іс-шараларды айқындайтын әлеуметтік тәуекелдерді бағалауды;

бөлім бойынша ескертулерді қамтуға тиіс.

40. "Қорытындылар мен ұсынымдар" бөлімі:

жалпы ұсынымдарды;

жоба бойынша негізгі басымдықтар мен кемшіліктерді;

жоба бойынша теріс немесе оң қорытындыны қамтуға тиіс.

41. Жобаның ТЭН-ні жоба ерекшелігіне байланысты, осы Талаптардың 26-тармағында көрсетілген тиісті сараптамалардың оң қорытындыларының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып міндетті түрде түзетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің м.а.
2009 жылғы 2 наурыздағы
N 30 бұйрығымен

бекітілген

Республикалық немесе жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды талап ететін концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптар Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық немесе жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды қажет ететін концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – жобаның ТЭН) әзірлеуге және сараптауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 155-бабының 3-тармағына сәйкес

ә з і р л е н г е н .

2. Республикалық немесе жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды қажет ететін жобаның ТЭН әзірлеген кезде осы талаптар сақталуы тиіс.

3. Республикалық немесе жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды қажет ететін жобаның ТЭН сараптау жүргізген кезде осы талаптар сақталуы тиіс.

4. Оңтайлы жобалық шешімдер, оның ішінде концессиялық жобаның барынша оңтайлы құрылымы мен ауқымын, жобаны іске асыру бойынша барынша орынды маркетингтік, техника-технологиялық, қаржы, институционалдық, экологиялық, әлеуметтік және басқа да шешімдер жөнінде ұсыныстар тұжырымдау, концессиялық жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарларын айқындау, ТЭН қабылданған шешімдерді ескере отырып, оны іске асыру жөніндегі тәуекелдерді бағалау, мемлекеттік қолдау түрлері мен мөлшерін, сондай-ақ жобаны іске асырудың мемлекеттік бюджетке әсерін айқындау жобаның ТЭН әзірлеудің мақсаты болып табылады.

5. Жобаны концессия схемасы бойынша іске асырудың экономикалық орындылығын айқындау жобаның ТЭН сараптаудың мақсаты болып табылады.

6. Жобаны экономикалық сараптаудың нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды болып табылады.

Экономикалық сараптаудың оң қорытындысы құрылымы мен мазмұны осы талаптарға жауап беретін және белгіленген техникалық-экономикалық өлшемдерді растайтын, сондай-ақ жобаны іске асырудың жүзеге асырылымдығы және тиімділігінің алғы шарттары бар жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне ұсынылады.

Экономикалық сараптаудың теріс қорытындысы оны экономикалық талдауды бағалау нәтижесі жобаны іске асырудың жүзеге аспайтындығын және/немесе тиімсіздігін көрсететін жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне беріледі.

Жобаның ТЭН құрылымы және/немесе мазмұны осы талаптарға сәйкес болмаған жағдайда қайта түзеуге жолданады.

7. Жоба ТЭН экономикалық сараптауды жүргізудің мақсаты жобаны концессия схемасы бойынша іске асырудың экономикалық дұрыстығын айқындау болып табылады.

2. Концессиялық жобаның ТЭН-ін әзірлеуге қойылатын талаптар

8. ТЭН жобасында ұсынылған нұсқалардың балама пысықтаулары, есептеулері, соның ішінде жоспарлық шешімдері, инвестицияларды енгізудің тиімділігі бойынша есептеулер, сонымен қатар салу (қайта салу) және пайдалану кезіндегі әлеуметтік, экологиялық және басқа да салдар көрсетілуі қажет.

9. Жобаны концессия схемасы бойынша іске асыру мақсатында инвестицияларды салудың экономикалық тиімділігі тиісті есептеулермен және егер ондайлар бар болса ұқсас жобалармен салыстырумен расталуы тиіс.

10. ТЭН әзірлеудің негізгі міндеттері:

жобаның концессия схемасы іске асырымдылығын бағалау – қолда бар барлық техникалық, қаржылық, экономикалық және басқа да сипаттағы шектеулерді ескере отырып, жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі;

концессиялық жобаның абсолютті тиімділігін бағалау – шарттың орындалуын т е к с е р у :

қол жеткізілетін нәтижелердің мәні талап етілетін шығындардың мәнінен (ресурстық шығыстардан) жоғары;

қаржыландыру көздері бойынша жобаны іске асырудың баламалы нұсқауларын бағалау – жобаны концессия негізінде іске асыруды жобаны іске асырудың ең орынды нұсқасы ретінде дәйектеу мақсатында жобаны іске асырудың балама нұсқаларын салыстыру;

11. Жобаның ТЭН-нің мазмұны мынадай құрылымға сәйкес келуі тиіс:

ж о б а н ы ң т ү й і н д е м е с і ;

к і р і с п е ;

м а р к е т и н г т і к б ө л і м ;

т е х н и к а л ы қ - т е х н о л о г и я л ы қ б ө л і м ;

н о р м а т и в т і к қ ұ қ ы қ т ы қ б ө л і м ;

э к о л о г и я л ы қ б ө л і м ;

и н с т и т у ц и о н а л д ы қ б ө л і м ;

қ а р ж ы л ы қ б ө л і м ;

т ә у е к е л д е р д і б а ғ а л а у ;

э к о н о м и к а л ы қ б ө л і м ;

ә л е у м е т т і к б ө л і м ;

мемлекеттік қолдаудың түрлері мен мөлшері, оның мемлекеттік бюджетке ә с е р і ;

ж о б а б о й ы н ш а ж а л п ы қ о р ы т ы н д ы л а р ;

қ о с ы м ш а л а р .

12. Жобаның ерекшелігіне қарай, ТЭН шеңберінде қабылданған шешімдерді барынша егжей-тегжейлі ашуға және негіздеуге мүмкіндік беретін қосымша бөлімдер мен кіші бөлімдер қосылады.

13. Жобаның түйіндемесінде жоба туралы қысқаша ақпарат ашылады және бастапқы құжаттама және жобалық шешімдердің ТЭН-і шеңберінде негізделген мемлекеттік қолдау шараларын ескеріп немесе ескерусіз жобаны концессия схемасы бойынша жобаны іске асыру қажеттілігі жөніндегі басты қорытындылар к ө р с е т і л е д і .

Жоба түйіндемесі мыналарды қамтуы тиіс:
ж о б а н ы ң а т а у ы ;
ж о б а н ы ң і с к е а с ы р ы л а т ы н о р н ы ;
ұлттық валютадағы және жоба ТЭН-нің шеңберінде есепке алынған шетелдік
валютадағы жобаның жоспарланған жалпы құны;
ж о б а н ы ң а у қ ы м ы ;
ж о б а н ы ң қ у а т ы ;
әрбірінің құнын көрсете отырып жобаның компоненттері;
жобаның мақсаты мен міндеті, оның ішінде, сандық мәні;
концессия схемасы бойынша жобаны іске асырудан негізгі пайда алушылар;
жылдар бойынша бөлінген болжанып отырған қаржыландыру көздері;
іске асыру кезеңдері жылдарға бөлінген жобаны іске асыру мерзімі;
мемлекеттік қолдаудың түрлері мен мөлшері;
сандық мәнде жобаны іске асырудың негізгі нәтижелері: әлеуметтік –
экономикалық көрсеткіштер, қаржылық көрсеткіштер, мемлекеттік бюджетке
ә с е р і .

14. "Кіріспе" бөлімінде жобаның сыртқы ортасы, оның ішінде, жобаны іске асыру болжанып отырған қазіргі әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, құқықтық және басқа да жағдайлар баяндалады.

Бөлімде концессиялық жобаны іске асыру кезеңіне арналған және дайындық кезеңін, концессия объектісін құру (қайта жаңғырту) кезеңін, концессия объектісін пайдалану кезеңін, халықтың өмір сүру деңгейін, инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуін, инвестициялық климат және жобаның болжанатын орналасқан жерін, әсер ету саласын сипаттайтын басқа да әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді қамтитын қазіргі және болжанатын көрсеткіштер көрсетіледі.

Бұл бөлімде концессия схемасы бойынша жобаны іске асыруды шешетін саланың проблемасы айқындалады, сондай-ақ осы проблеманы шешудің баламалы нұсқалары көрсетіледі (жоба ТЭН-нің әрбір келесі бөлімдерінде салыстырмалы талдау жүргізілетін концессиялық жобаның мақсатына қол ж е т к і з у) .

15. Маркетингтік бөлім жобаны іске асыру нәтижесінде құрылатын өнімге деген сұраныстың ағымдағы және перспективадағы (концессиялық жобаны іске асыру мерзімінде) конъюнктурасын талдауды және бағалауды және тұтынылатын өндіріс факторларының ұсыныстарын көрсетеді.

Бөлім мыналарды қамтуы тиіс:
сұранысты (оның тенденцияларын) талдау мыналарды қамтиды:
тұтынушылар санаты бойынша жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін (ұсынылатын) өнімдердің (қызметтердің) көлемдерін, түрлерін және бағаларды

т а л д а у ;

тұтынушылар санаты бойынша саладағы (өңірдегі) ағымдағы ахуалды ескере отырып, өндірілетін (ұсынылатын) өнімдердің (қызметтердің) көлемдерін, түрлерін және бағаларды талдау;

сұраныстың сандық өлшемдерін, оның тенденцияларын және өнім (қызметтер) бағаларын бағалаудан немесе қызметтер бойынша қажеттіктерді бағалаудан тұратын жобаның әлеуметтік-экономикалық пайдаларын талдау;

осы саладағы қолданыстағы, ұқсас немесе балама объектілерді олардың жоба алдындағы басымдықтары және кемшіліктері тұрғысында салыстырмалы талдау;

бұрын бағасы дотациялық немесе тегін болған өнім (қызмет) бағасымен бірге өнім (қызмет) бірлігін өндіру үшін ықтимал тұтынушылардың төлеу дайындығын (мүмкіншілігін) салыстырмалы талдау;

өнім (қызмет) бірлігі үшін тиімді (әлеуметтік-әділетті) бағаны талдау; өндірушілер және жеткізушілер, олардың бағаны қалыптастыруы, өнімді жеткізудің сапасы мен шарттары бойынша салыстырмалы талдауды қамтитын жоба шеңберінде тұтынылатын шикізат, материалдар, жабдықтар нарықтарын т а л д а у ;

концессияға беруге ұсынылатын объектіні құру/қайта жаңғырту, пайдалану кезеңдерінде тиісті біліктіліктегі еңбек ресурстарымен жобаның қамтамасыз етілуін сондай-ақ шетел мамандарын тарту негіздемесін талдау;

өнімді (тауарды/қызметті) өткізуге жәрдемдесу жөніндегі ұсынылатын іс-шаралар, өнімді (тауарды/қызметті) табиғи бірлікте сату бағдарламасы.

Әрбір кіші бөлімде ақпараттың қолданылатын көздері және жүргізілген маркетингтік зерттеулер бойынша есептермен бірге маркетингтік зерттеу өткізу әдістемесі көрсетіледі.

16. Техникалық-технологиялық бөлім жоба құрамын, жобаның өлшемдері мен компоненттерін айқындайтын жоба бойынша техникалық-технологиялық шешім сипатталған, оның ішінде, концессия схемасы бойынша жобаны іске асыруға арналған оңтайлы жобалық шешімдерді айқындайтын процесті көрсетеді .

Бөлім мынаны қамтуы тиіс:

таңдалған үздік жобаны іске асыру нұсқасын негіздеумен бірге техникалық-технологиялық шешімдерді сипаттау және салыстырмалы талдау;

шикізат көздері мен ықтимал өнім берушілерге, өнім (тауар/қызмет) тұтынушылары мен көлік магистраліне жақындығына, географиялық ерекшеліктеріне қарай жобаны іске асыру орнын таңдауды негіздейтін жобаны іске асырудың таңдап алынған орнын негіздеу;

қабылданған техникалық-технологиялық шешімдерді есепке ала отырып,

жобаның қуатын есептік негіздеу;
жоба іске асырылатын өңірлердің инфрақұрылымына жобаның әсерін бағалау ;

жобалық жабдықты таңдауды негіздеу, оның ішінде, қазіргі пайдаланудағы жабдықпен технологиялық үйлесімділігі (егер ол жобаны іске асыру аясында көзделсе), "баға-сапа" арақатынасының оңтайлылығы, негізгі құралдар амортизациясы, жабдықтарды таңдау бойынша балама нұсқалар, инновациялық жабдықтарды қолдану, ноу-хауды пайдалану, жобаға қойылатын техникалық және технологиялық талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарды, сапа стандартын пайдалануы ;

жобаның қолда бар көліктік кіреберіс жолдары мен құралдарын, электр, жылу , сумен жабдықтау мен кәріздерді, сондай-ақ қойма үй-жайларымен қамтамасыз етілуін ескере отырып жобаның инженерлік құрылыстарының іске асырылуының қамтамасыз етілуі ;

уақытпен жоба бойынша іс-шаралар ұзақтығы мен дәйектілігін кескіндеп көрсете отырып, іске асырылу жылдары және технологиялық кезеңдері бойынша пайдалануын және концессияға беруге ұсынылған объектіні құру/қайта жаңғырту кезеңін көрсететін жобаны іске асыру кестесі (жоспар-кесте).

Жоба бойынша техникалық шешімдерді таңдаған кезде, бірінші кезекте экологиялық қолайсыз әсері барынша аз немесе теріс экологиялық әсері жоқ, сондай-ақ жобаны іске асырудан әлеуметтік-экономикалық әсері барынша көп шешімдер таңдалады .

17. Нормативтік құқықтық бөлім қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде жобаны концессия схемасы бойынша іске асыру мүмкіндігін, концессионерлерге мемлекет меншігі объектілерінің жаңасын құру (құрылысын салу) немесе қолданыстағыларын қайта жаңғырту объектілерін жақсарту және тиімді пайдалану мақсатында кейіннен концессияға беруге байланысты туындайтын азаматтық-құқықтық қатынастарды, уақытша иелену және пайдалану құқығын беруді қамтиды.

18. Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобаны іске асыру аясында қабылданған техникалық шешімдерінің іске асырылуының қоршаған ортаға әсерінің экологиялық қырларын және олардың бекітілген экологиялық нормаларға сәйкестігін көрсетеді .

Қоршаған ортаға әсерді бағалау ТЭН–де тиісті Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау бойынша уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құжатына және табиғат қорғау қызметін реттейтін басқа да нормативтік актілермен орындалады .

Осы бөлім мыналарды қамтуы тиіс:
жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды, жобаны іске асырудан болатын

сандық бағалауды және оның зиянды әсерін азайту бойынша болжамды іс-шараларды ;

өңірдің де, сондай-ақ тұтастай Қазақстан Республикасының экологиялық ахуалын және олардың сандық мәндегі нәтижесін әзірлеуді жақсарту үшін жобада болжанған іс-шаралар.

Жоба аясында техникалық-технологиялық шешімдерді таңдаған кезде бекітілген экологиялық нормативтер талаптарына сәйкес шешімдер таңдап алынуды керек .

19. Институционалдық тарау оның өмірлік циклы бойында жобаны іске асыруға қатысушылардың барлығы жөніндегі ақпаратты және олардың функцияларын, сондай-ақ қаржылық шығыстарды бағалаумен бірге басқару құрылымын көрсететін институционалдық схемасын көрсетеді.

Осы тарау мыналарды қамтуы тиіс:

жобаны іске асыру бойынша әр кезеңде іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау (жобаны іске асыру жоспары):

даярлық, концессия объектілерін құру/жетілдіру кезеңі, концессия объектісін пайдалану кезеңі ;

іске асырудың әр кезеңінде жобаны басқару, басқару құрылымының, басқарудың онтайлы сызбасын әзірлеу сызбасының балама нұсқаларын салыстырмалы талдау ;

олардың жобаны іске асыру шеңберінде жүзеге асыратын функцияларын, тікелей және жанама пайда алушыларды көрсете отырып әр кезеңде жобаны іске асыруға қатысушылар мен тараптарды айқындау;

жобаның орнықты жұмыс істеуі мен табысты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін әлеуетті концессионерге қойылатын талаптар мен сипаттамаларды айқындау .

20. Қаржы тарауы, оның ішінде жобаны іске асырудың қаржылық үлгісі, жобаны қаржыландырудың баламалы сызбасы мен көздерін бағалауды, инфляцияның жобаның іске асырылуына әсерін есепке алуды, қаржылық тиімділікті бағалауды, жобаның ТЭН аясында қабылданған жоба бойынша қаржылық шешімдерді ашып көрсетеді.

Осы тарау мыналарды қамтуы тиіс:

жалпы инвестициялық шығындарды есептеуді, жобаның сатылары бойынша қаржыландыру қажеттігін таратуды, концессия схемасы бойынша жобаны іске асыру кезеңдері бойынша қаржыландыру жоспарын;

пайдалану шығынын, өндірістік шығынды, ағымдағы ұстау шығыстарын (пайдалану шығыны) есептеуді;

өнімнің, тарифтің, өнімнің өткізу бағасының өзіндік құнын есептеуді; жылдар бойынша индексацияны есепке ала отырып, қаржылық үлгі аясында

қаралған өнімді ақылы негізде берген жағдайында салыстырмалы талдау және оңтайлы тарифті (бағаны) айқындауды және оңтайлы баға деңгейін анықтау, егер жобаны концессия схемасы бойынша іске асырғандағы тауар өндірілген жағдайда ;

сауда-саттықтан түскен кірісті есептеу, бөлінбеген және таза пайданы есептеуді ;

ақша қаражаты ағынын есептеуді, пайда мен шығындар туралы есепті; инфляция есебін, валюта бағамын, дисконт нормасын және тәуекелге түзетуді айқындауды ;

дисконттау әдісінің көмегімен жобаны (бағдарламаны) талдау, оның ішінде келтірілген таза кіріс есебі (Net Present Value - NPV), пайдалылықтың ішкі нормасы (Internal Rate of Return , IRR), дисконттық пайда мен шығыстардың қатынасы, өзін өзі ақтаудың дисконттық мерзімін;

инвестициялық жобаның меншікті қаржылық тиімділігін есептеуді; жобаны жүз пайыз мемлекеттік бюджеттен, мемлекеттік қарыз тарту есебінен немесе концессия негізінде іске асырғандағы қаржыландырудың сызбаларының, көздерінің, жағдайларының балама нұсқаларын салыстырмалы талдауды; концессияның тиімді мерзімін анықтауды;

жобаны қаржыландыру үшін қарыз қаражатын тартудың қолдануға жарамды параметрлерін анықтауды ;

залалсыздық шегін есептеуді ;

осындай шығыстарды кім және қашан қаржыландырылатынын нақты айқындай отырып, пайдалану шығыстарын қаржыландыру көздерін.

Тарауда көрсеткіштерді есептеу тәртібі (формулалар көрсетілген), қабылданған жол берулер ашып көрсетілуі тиіс. Деректер мен есептер мәтіндік түсіндірмесі бар кестелер, графиктер, диаграммалар түрінде ұсынылады.

Сандық және сапалық көрсеткіштер өзара байланыстырылған және экономикалық ойша тұжырымдалып қорытындыланған салыстырмалы кестеде ұсынылуы тиіс. Талдау халықаралық практиканы ескере, эмпирикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып математикалық үлгілеумен негізделген есептеулер негізінде жүргізілуі тиіс.

21. "Қауіп-қатерлерді бағалау" бөлімі әрбір кезеңде іске асырылуға қабілетті әртүрлі қауіп қатерлерді көрсетеді: дайындық, концессия объектісін құру/жетілдіру кезеңі, концессия объектісін пайдалану және жобаның сыртқы жағдайларына байланысты кезең.

Бұл бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

қауіп-қатерлердің негізгі факторларын, болжамды сипаттаманы және өзгерістер өрісін, қауіп-қатерлерді төмендету бойынша болжамды іс-шараларды айқындайтын коммерциялық қауіп-қатерлерді бағалау;

қауіп-қатерлердің негізгі факторларын, болжамды сипаттаманы және өзгерістер өрісін, қауіп-қатерлерді төмендету бойынша болжамды іс-шараларды айқындайтын әлеуметтік қауіп-қатерлерді бағалау;

қауіп-қатерлердің негізгі факторларын, болжамды сипаттаманы және өзгерістер өрісін, қауіп-қатерлерді төмендету бойынша болжамды іс-шараларды айқындайтын экономикалық қауіп-қатерлерді бағалау;

қауіп-қатерлердің негізгі факторларын, болжамды сипаттаманы және өзгерістер өрісін, қауіп-қатерлерді төмендету бойынша болжамды іс-шараларды айқындайтын техникалық қауіп-қатерлерді бағалау;

қауіп-қатерлердің негізгі факторларын, болжамды сипаттаманы және өзгерістер өрісін, қауіп-қатерлерді төмендету бойынша болжамды іс-шараларды айқындайтын қаржылық қауіп-қатерлерді бағалау;

жобаға қатысушылар арасындағы қауіп-қатерлерді бөлудің салыстырмалы т а л д а у ;

қауіп-қатерлердің негізгі факторларын, болжамды сипаттаманы және өзгерістер өрісін, қауіп-қатерлерді төмендету бойынша болжамды іс-шараларды айқындайтын концессионер мен конседент үшін ерекше қауіп-қатерлерді бағалау ;

белгісіздік жағдайларындағы талдау, оның ішінде, негізгі өлшемдер (өткізу көлемі, өткізу бағасы, тікелей шығасылар) бойынша сезімталдықты талдау, оның ішінде, өлшемдер өзгеруінің жол берілетін шекті мәнін айқындау.

Қауіп-қатерлерді бағалау қазіргі заманғы үлгілеу негізінде есептелуі тиіс.

22. Экономикалық бөлім жобаның жалпы Қазақстан Республикасының (облыстың, өңірдің) экономикасына әсерін білдіреді (макроэкономикалық талдау) :

саладағы ахуалды және оның жобасыз даму перспективаларын талдауы, негізгі салалық көрсеткіштердің (өнімдерді (қызметтердің) өндіру көлемі, жалпы сыртқы өнімнің (жалпы өңірлік өнімнің) құрылымындағы саланың үлесі, салаға инвестициялардың көлемі және мәндері және олардың болашақтағы болжамды м ә н і к ө р с е т у і т и і с ;

жобаның іске асырылуын ескере отырып, саланың даму келешегін талдау негізгі салалық көрсеткіштердің (өнімдердің (қызметтердің) өндіру көлемі, жалпы сыртқы өнімнің (жалпы өңірлік өнімнің) құрылымындағы саланың үлесі, салаға инвестициялардың көлемі және мәндері және олардың болашақтағы б о л ж а м д ы м ә н і к ө р с е т у і т и і с ;

жобамен және жобасыз ахуалды салыстырмалы талдау;

таза қоғамдық пайдалардың, экономикалық таза келтірілген кірістің (expected net present value – ENPV), кірістіліктің экономикалық ішкі нормаларының (Economic Internal Rate of Return – EIRR) көрсеткіштерінің есебі;

жобаны іске асырудың аралас салалардың дамуына әсерін талдау;
жалпы жоба үшін және жоба нәтижелерінің, салдарының және әсерінің талдауын, шығындар тиімділігінің және өлшенбейтін пайдаларының, ұлғайған пайдалары мен шығындарының, тұтынушының қосымша пайдаларын, қайтарусыз шығасылардың, сыртқы әсерлердің, халықаралық әсерлердің, жобаның жанама пайдаларының талдауды қамтитын тура және тікелей пайда табушылар үшін пайдалар мен шығындарды талдау;

жобаның Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты толықтыруға, инновациялар дамуына әсерін талдау;

ағымдағы бағалардағы және өткен жылғы салыстырмалы бағалардағы тікелей макроэкономикалық әсердің есебі;

ағымдағы бағалардағы және өткен жылғы салыстырмалы бағалардағы жанама макроэкономикалық әсердің есебі;

ағымдағы бағалардағы және өткен жылғы салыстырмалы бағалардағы жиынтық макроэкономикалық әсердің есебі;

жобаның экономикалық тиімділігінің жылдық индексінің есебі;

жобаның экономикалық тиімділігінің интегралдық индикаторларының есебі;

жобаны іске асырудың макроэкономикалық тиімділігінің есебі.

23. Әлеуметтік бөлім жобаның әлеуметтік аспектілерін және жобаны іске асырудан түсетін әлеуметтік пайдаларды көрсетеді.

Бұл бөлім мыналарды қамтуы тиіс:

өңірдегі әлеуметтік ахуалды және жобасыз даму перспективаларын талдау, Қазақстанның және жоба іске асыру болжанатын өңірдегі халықтың өмір сүру деңгейінің (халықтың кірістері, жұмыспен қамтылу деңгейі) негізгі көрсеткіштерінің мәндері, және олардың соңғы үш жылғы серпіні мен болашақтағы болжамды мәні көрсетілуі тиіс;

жобаның іске асырылуын ескере отырып, әлеуметтік ахуалдың даму перспективаларын талдау;

халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаттамалары тұрғысынан жобаның негізділігін талдау, оның ішінде, жоба концессия схемасы бойынша іске асырылғандағы халықтың өнімдерді (тауарды/қызметті) тұтынғандығы үшін төлеуге дайындық мәселелерін зерттеу;

жобаның қызметкерлердің санаттары бойынша еңбек ресурстарына мұқтаждығы, әрбір кезеңде олардың біліктіліктеріне қойылатын талаптар және оның Қазақстан Республикасы халқының жұмыспен қамтылуына әсері;

жобаны іске асыру аясында оқыту бағдарламалары және жұмысшылар мен мамандарды қайта даярлау;

еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі нормалары;

әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту орындылығын (қажеттілігін) талдау;

жобаның қоғамдық (әлеуметтік-экономикалық) қажеттілігін талдау/бағалау.

24. "Мемлекеттік қолдаудың түрі мен көлемі, бюджетке ықпал етуі" бөлімінде жобаның ТЭН негізделетін концессионердің қызметін мемлекеттік қолдаудың мүмкін болатын түрлері мен мөлшері, ұлттық валютадағы көлемін және жобаны іске асырудың мемлекеттік бюджетке әсерін көрсетумен бірге мемлекеттік қолдаудың берілген түрін ұсыну тиімділігі көрсетіледі.

Б ө л і м к е л е с і л е р д і :

мемлекеттік қолдау түрлерін таңдау негізін, мемлекеттік қолдаудың оңтайлы мөлшерінің есебін және мемлекеттік қолдаудың пайдалылығы индексын (негізгі міндеттемелерді қоспағанда);

дисконтты бюджеттік ақшалай ағындар есебін, бюджеттік әсерді, жобаның бюджеттік тиімділігі есебін, келтірілген таза пайданы, ішкі пайдалылық н о р м а с ы н ;

қаржыландыру көздері бойынша жобаны іске асырудың баламалы нұсқаларын салыстырмалы талдау (жүз пайыз мөлшерде мемлекет бюджетінің есебінен, мемлекеттік қарыз есебінен);

жобаны іске асыру жылдары бойынша мемлекеттік бюджетке (республикалық және жергілікті) ықпал ету жүктемесінің есебін қамтуы тиіс.

25. "Жалпы тұжырым" бөлімінде жобаның негізгі құндылықтары мен кемшіліктері, жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасын таңдау бойынша қисынды сипаттау және қорытындылау, басқа қорытындылар көрініс табады.

26. Жобаның ТЭН қосымшалары жобаның ТЭН-де келтірілген ақпаратты растайтын және ашып көрсететін жобаны іске асырудың қарастырылып жатқан әр нұсқасы бойынша қаржы-экономикалық үлгісі; шығыстар кестесін, динамикті өзін-өзі өтеу кестесін, диаграммаларды, суреттерді, жергілікті жерлер картасын қамтуы қажет.

3. ТЭН жобасын сараптауға қойылатын талаптар

27. Жобаның ТЭН сараптауды концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым жүргізеді.

28. Экономикалық сараптаманы (бұдан әрі - сараптама) жүргізген кезде сарапшы мына принциптерді басшылыққа алады:

жобаның нәтижелілігі – оны жүзеге асыру тиімділігінің оң болуы, яғни қосылатын нәтижелер бағалауының жобаны іске асыру үшін талап етілетін қажет жиынтық шығындардың бағалауынан асуы;

бара-барлық және объективтілік – оған қатысты күмәнділік және белгісіздік дәрежесін ескере отырып жоба қаралатын, объектінің құрылымы мен сипатын д ұ р ы с к ө р с е т у ;

кешенділік – жобаны іске асырудың жан-жақты салдарын есепке алу, тек экономикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік, экологиялық және басқа да экономикадан тыс салалардағы салдарын және нәтижелер мен шығындардың тиісті түрлері мен өлшемдерін анықтау;

даралық – әрбір қатысушы ұстанымымен жоба тиімділігін бағалау;

келісушілік – ТЭН әр түрлі бөлімдерінде және ұсынылған құжаттарда көрсетілген деректер мен ақпарат өзара келісіледі;

дұрыстығы – ТЭН бөлімдерінде ұсынылған ақпараттар мен деректер ұсынылған құжаттар мен есептеулердегі басқа сараптамалардың қорытындыларында расталған;

негізділік – ТЭН шеңберінде қабылданған шешімдер негізделген болып табылады;

есептіліктің дұрыстығы – есептеу тәртібі және алынған көрсеткіштер дұрыс болып табылады.

29. Мыналар:

жобаны іске асырудың әлеуметтік тиімділігін концессия схемасы бойынша талдау;

жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігін концессия схемасы бойынша талдау;

жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігін концессия схемасы бойынша талдау;

мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ескере отырып жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін концессия схемасы бойынша талдау;

жоба тәуекелдерін басқару жүйесін талдау сараптама міндеттері болып табылады.

30. ТЭН жобасының сараптамасы ұсынылған ТЭН жобасы және жоба ерекшеліктеріне сәйкес талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындысы негізінде, атап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаларды мемлекеттік сараптау өкілеттігін берген заңды тұлғаның мемлекеттік сараптамасы;

2) салалық орган сараптамасы;

3) қоршаған ортаны қорғау салысындағы уәкілетті органның экологиялық сараптамасы;

4) банк сараптамасы;

5) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама;

6) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті органның сараптамасы.

31. Сараптаманы жүргізу нәтижесі ТЭН жобасына жүргізілген концессия мәселелері бойынша мамандандырылған ұйымның сараптамалық қорытындысы

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

32. Сараптама қорытындысының мазмұны келесі тараулардан тұрады:

ж а л п ы д е р е к т е р ;

ж о б а п а с п о р т ы ;

жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында жобаны іске асыру мүмкіншілігі;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі;

жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігі;

мемлекеттік қолдау шараларын ескере отырып жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігі;

жоба тәуекелдерін басқару жүйесі;

жоба бойынша қорытындылар.

33. "Жалпы мәліметтер" бөлімінде концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымның жобаның ТЭН сараптауды жүргізудің құқықтық негізі мен мақсаты көрсетіледі.

34. "Жоба паспорты" бөлімі мыналарды қамтиды:

ж о б а н ы ң а т а у ы ;

ж о б а н ы ң м а қ с а т ы ;

жобаның міндеттері, соның ішінде сандық өлшемде;

жоспарланатын іске асыру мерзімі;

концессиялық жобаның ұлттық валютадағы және техникалық-экономикалық негіздеме аясында есептеулер үшін қабылданған шетел валютасындағы жалпы құны ;

жобаны іске асыру аясындағы негізгі техникалық параметрлер;

жоба компоненттері, олардың әрбіреуінің құны көрсетілген;

ж о б а н ы і с к е а с ы р у о р н ы ;

қаржыландырудың болжанатын көздері;

мемлекеттік қолдаудың түрлері мен мөлшері.

35. "Жоба бойынша құжаттама құрамын бағалау" тарауы мыналардың болуын бағалауды қамтиды:

жобаның ТЭН-де талаптарға сәйкес қажетті ақпарат;

осы талаптардың 30-тармағына сәйкес тиісті оң сараптамалар.

36. "Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында жобаны іске асыру мүмкіншілігі" тарауы жобаны Қазақстан Республикасының концессия мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнамасы аясында іске асыру мүмкіншілігін талдауды қамтиды .

37. "Жобаның әлеуметтік-экономикалық тиімділігі" тарауы мыналарды талдауды қамтиды :

жобаны іске асырудың әлеуметтік тиімділігі;
жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігі.

Жобаны іске асырудың әлеуметтік тиімділігін талдау мыналарды талдауды қамтиды :

жобаны іске асырудан түсетін қоғамдық пайда;
еңбек ресурстарындағы қажеттілік;
халықтың өнімді (тауарды/қызметті) тұтынғаны үшін төлеу дайындығы;
жобаны іске асыру мақсатында мамандарды оқыту және қайта дайындау;
жобаны іске асырудан туындайтын әлеуметтік әсер ескеріледі.

Жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігін талдау мыналарды талдауды қамтиды :

концессионер түпкілікті тұтынушыларға ұсынуға жоспарлайтын тауарларға (қызметтерге) деген сұраныс және ұсыныс;

жобаны іске асырғандағы концессионердің тауарды (қызметті) өндіруінің экономикалық қажеттігі;

саладағы "жобамен" және "жобасыз" жағдайлар;
жобаны іске асырудың аралас салалардың дамуына әсері.

38. "Жобаның коммерциялық тиімділігі" бөлімі:
жобаның ТЭН шеңберінде қаржылық модельді талдауды;
жобаның ТЭН шеңберінде анықталған оңтайлы тарифті (бағаны) талдауды;
жобаны қаржыландырудың көздері мен шарттарын талдауды қамтуы тиіс.

39. "Мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ескере отырып жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігі" бөлімі:

жобаны концессия схемасы бойынша іске асырудың мемлекеттік бюджетке (республикалық және жергілікті) әсерін;

жобаның ТЭН аясында қаралатын мемлекеттік қолдаулардың тиісті қаржылық жылға белгіленген лимиттерінің аясында жобаны іске асыру мүмкіншілігін талдауды;

жобаның ТЭН көрсетілген мемлекеттік қолдаудың түрлері мен мөлшерін көрсетудің қажеттілігі мен мүмкіншілігін талдауды қамтуы тиіс.

40. "Жоба тәуекелдерін басқару жүйесі" бөлімі:
жоба тәуекелдерін айқындауды талдауды;
жоба тәуекелдерін сапалық және сандық бағалауды талдауды;
жоба тәуекелдерін бөлуді талдауды;
жоба тәуекелдерін төмендету немесе алдын алу бойынша іс-шараларды талдауды қамтуы тиіс.

41. "Қорытындылар мен ұсынымдар" бөлімі:
жалпы ұсынымдарды;
жоба бойынша негізгі басымдықтар мен кемшіліктер;

жоба бойынша оң немесе теріс қорытындыны;
концессионер қызметін мемлекеттік қолдаудың көлемдерін;
ұсынымдық тарифтерді қамтуы тиіс.

42. Жобаның ТЭН осы талаптардың 30-тармағында көрсетілген тиісті оң сараптамалық қорытындылардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, оның ерекшелігіне тәуелді міндетті түрде түзетілуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК